

Демалысқа ақы төлеу немесе пайдаланылмаған демалысқа өтем төлеу үшін орташа жалақыны есептеу тәртібі туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 13 мамыр N 513. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.01.13. N 51 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қаулы етеді:

1. Бес күндік, сонымен бірге алты күндік жұмыс аптасы жағдайында демалысқа ақы төлеу, сондай-ақ пайдаланылмаған демалысқа өтем төлеу үшін орташа жалақыны есептеу осы кезеңдегі белгіленген қосымша әрі үстеме ақыларды және сыйлықтың орташа мөлшерін ескере отырып, соңғы күнтізбелік 2 айдың орташа жалақысы есебімен жүргізіледі деп белгіленсін.

Сыйлықтың орташа мөлшері демалысқа шығатын айдың алдындағы 12 күнтізбелік ай үшін сыйлықтың орташа айлық процентін соңғы күнтізбелік 2 айдың орташа жалақысына (сыйлықсыз) көбейту жолымен айқындалады.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Демалысқа ақы төлеу немесе пайдаланылмаған демалысқа өтем төлеу үшін орташа айлық жалақыны есептеу тәртібін өзгерту туралы" 1992 жылғы 22 мамырдағы N 454 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 20, 327-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі